

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№8 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы.**

**28\_04\_2023 ж.**

**Қатысқандар:**

**Комиссия төрайымы:**

1. Шалабаева Жанар - аға оқытушы;

**Комиссия мүшелері:**

2. Жаркинбаева Динара - декан орынбасары, магистр-оқытушы;
3. Рахмет Үсенбек - п.ғ.к., доцент;
4. Динашева Ләззат - т.ғ.к., доцент;
5. Примкулова Гауһар - т.ғ.к., доцент;
6. Джумадуллаева Асель - т.ғ.к.;
7. Мейірбекова Гүлмира - PhD, аға оқытушы;
8. Садуова Жанар - п.ғ.к., доцент;
9. Тажибаев Ғалымжан - магистр-оқытушы;
10. Искакова Парида - п.ғ.к., доцент м.а.;
11. Қаттабекова Назгүл - т.ғ.к.;
12. Паштанов Султан - аға оқытушы;
13. Шилменбетов Саян - аға оқытушы, хатшы;
14. Төрөбай Ақтолқын – магистрант 1 курс, МНК-211
15. Тимерхан Дариға – студент 2 курс, ППМ-011 ;
16. Нуралиева Жансая - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

**Комиссия хатшысы:** Шилменбетов Саян

1. ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

**Шақырылғандар:**

1. С.Абжалов – ф.ғ.к., факультет деканы.
2. Л.Ибрагимова – оқу бөлімінің басшысы.
3. Б.Ауезов – «Білім технологиясы» кафедрасының меңгерушісі.
4. А.Рысбекова - «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі.
5. Е.Абдраманов–«Тарих» кафедрасының меңгерушісі.

**Комиссия хатшысы:** Ақзарова Раушан - магистр-оқытушы, хатшы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Оқытушы- профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфроқұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

2. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу
3. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.
4. Сәуір айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**1.Талқыланды.** Оқытушы - профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Ж.Шалабаевасөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады: Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінде оқытушы-профессор құрамның, білімгерлердің және қызметкерлердің аталған оқу жылында академиялық адалдық қағидатының бұзылмағандығы және шаралар әділ түрде жүргізілгендігі баяндалды.

**Шешім:** Оқытушы - профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрокұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылып, нәтижелер қадағаланды.

**2.Талқыланды.** Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мүшесі Ә.Джумадуллаева: ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алып, факультетке қатысты барлық кафедраларда оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша ОПҚ инновациялық жұмыстары, оның ішінде кафедрада озық тәжірибені тарату мәселелер жолға қойылғанын атап өтті. Кафедра бойынша оқытушы-профессорлар құрамының қатысуымен ашық сабақтар бекітілген кесте бойынша жүргізіліп келеді. Соның ішінде инновациялық озық тәжірибемен танысу барлық кафедраларда жолға қойылған. Әсіресе, жас оқытушы-профессорлар құрамының сабақтарына талдаулар жасалынып, олардың тәжірибесін жетілдіруге кафедра ұжымы үлес қосуда.

Әрбір білімгердің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Кафедраларда ББ іске асыруда модульдік оқыту, ойын технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, кейс стади, жобалап оқыту технологиясы, дербес оқыту, білімгерге бағытталған оқыту секілді инновациялық технологиялар қолданылады. Сонымен қатар, кафедра оқытушылары біліктіліктерін жетілдіріп тұрады және сол жерде үйренген әдістерін оқыту барысында қолданылуда. Жалпы факультет бойынша барлық ОПҚ қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша біліктіліктен өткен оқу жылында өткен болатын.

Бұл мәселе жөнінде «Білім технологиясы» кафедрасының меңгерушісі А.Жумадуллаева былай деді: - Біздің кафедрада «Инклюзивті білім беруді» ұйымдастыруға арналған университет ішілік бөлім жетекшілері доценттер Г.Тоққұлова мен М.Джаздықбаев арнайы қажеттілігі бар студенттері бар ОПҚ әдістемелік көмек беріп отырады. Осы мақсатта арнайы семинарлар ұйымдастырады. Әрине, бөлімнің жоспарына сәйкес. Семинар мен тренингтер, кездесулер өткізіп отырады.

Оқу бөлімінің басшысы Л.Ибрагимова сөз алып, «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» факультетінде сапамен қамтамасыз ету комиссиясының сәуір айындағы жұмысымен таныса отырып, жұмыс барысына сәйкес өз ұсыныстарын былай жеткізді: Кафедра оқытушы-профессорлар құрамының нақты инновациялық жұмыстары баяндалса дұрыс болар еді. Себебі, кафедраларда оқытушылардың инновациялық қолдану барысы талқыланып көрсетілмеген.

Бұл жөнінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мүшесі Ә.Джумадуллаева былай деп жауап берді: - Факультетке қарасты кафедралар бойынша арнайы инновациялық технологияларды енгізген оқытушы-профессорлар жоқ. Дегенмен, әр бір оқытушы өздеріне тиісті оқыту пәндері бойынша жаңа әдістерді өз тәжірибелерінде қолданады. Біз ашық сабақтарға талдау барысында бұл мәселелерге назар аударамыз.

**Шешім:** ББ іске асыруда оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен технологияларын қолданылуын арттыру.

**3.Талқыланды.** ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Ж.Шалабаева сөз алып күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады: Факультетке қарасты «Педагогика және психология», «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру», «Журналистика» кафедралары бакалавр, магистратура, докторантура бойынша мамандар дайындайды. Былтырғы оқу жылында арғы жылдармен салыстырғанда мамандықтарға тапсырған бакалаврлар саны аз. Себебі, пандемия кезінде мамандықтарды жарнамалап жұмыстар жүргізілмеді және педагогикалық мамандықты таңдайтын талапкерлердің саны аз болғаннан болуы мүмкін. Себебі, факультетке қатысты педагогикалық мамандықтардың көпшілігін география, биология пәндері бойынша таңдайтындықтан. Бұл пәндерді таңдайтын талапкерлердің саны аз.

2022-2023 оқу жылы бойынша «Педагогика және психология», «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру», «Журналистика» кафедралары бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыру мақсатында іс шаралар жүргізілуде. Әр кафедрада кәсіби бағдар беру мақсатында жауапты тұлғалар және кәсіби бағдар жұмыстарының жоспары бар. Жоспар бойынша жауапты оқытушылар мектептерге, колледжерге студенттермен кездесу өткізуде. Бұл жұмыстар мамыр айынан кейін жалғасын табады. Нәтижесін мамыр айында қарастыру керек. Себебі, жұмыстар жалғасуда.

**Шешім:** ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру мақсатында мониторинг жүргізіліп, нәтижелер талданды.

**4. Сәуір айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз алған Ж.Шалабаева сәуір айын былай деп қортындылады: - Сәуір айындағы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде жүруде. Атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы кафедралар бойынша тиісті деңгейде ұйымдастырылуда. Тек қана, білімгерлердің контингентін қалыптастыру үшін кәсіби бағдар беру жұмыстары әліде жалғасын табуда.

Аталған мәселеге байланысты факультеті сапамен қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы Ж.Шалабаева бұл жұмысты келешекте ескеретінін атап өтті.

**Шешім:** Сәуір айында жүргізілген іс шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:  Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы:  Шилменбетов С.